

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

**Медицинада қателіктердің таралуы. Қателіктердің себептері.
Қолайсыз нәтиже: қайтымсыз, қайтымды. Дәрігердің,
медперсоналдың зерттеу қателіктері. Дәрігерлік немқұрайлық.**

Орындаған: Есмуратова А.А

Алматы, 2016 жыл

Дәрігерлік қателіктер

- Медицина тәжірибесінде «дәрігерлік қателік» термині кең таралған. Дәрігерлік қателіктің негізгі критерии болып белгілі - объективті жағ-дайларға байланысты дәрігердің қателесуі жатады, бірақ «дәрігерлік қателік» терминіне профессиональді білімсіздік, салақтық және науқасқа деген дел салдылық енгізілмейді.

Дәрігерлік қателіктер үш топқа бөлінеді:

- 1. Диагностикалық қателіктер-ауруды толық немесе нақты анықтай алмау;
- 2. Тактикалық қателіктер- операцияға көрсеткіштерді дұрыс анықтамау, операцияны өткізу уақытын дұрыс таңдай алмау, операция көлемін науқас жағдайына байланысты дұрыс анықтай алмау және т.б.
- 3. Техникалық қателіктер-медицина техникасын дұрыс қолдана білмеу, сәйкес емес медикаменттерді ,диагностикалық дәрілерді қолдану және т.б.

- *Денсаулыққа зиян келтіру бұл-адамның өміріне қауіп төндіру немесе көруден, сөйлеуден, естуден, қандай да болсын дене мүшесінің бұзылысына немесе қызметін жоғалтуға, бет-әлпетінің қайта келместей бұзылуына әкеп соғатындай ауыр зиян келтіру. Сондай-ақ өмірге қауіпті немесе еңбек қабілетінің үштен бірін тұрақты жоғалту, денсаулыққа өзге де зиян келтіру - дәрігерлік қателіктер*



Медицина қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы ҚК-тің 114-бабы.

- 1) Медицина қызметкерлерінің өз кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан, оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл әрекет адам денсаулығына орташа зиян келтіруге әкеп соқса.**
 - Айлық есептік көрсеткіштердің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімде бас бостандығына шектеуге жазаланады.



2) Денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соқтырған нақ сол әрекеттер -

- Үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қыз-метпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден-бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салу, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3) Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, лауазымды адам жасаған әрекет, -

- үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3) Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, адам өліміне әкеп соқтырған әрекеттер, -

- үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4) Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, лауазымды адам жасаған әрекеттер,

- айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынып, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Дәрігерлік қателіктердің жаңа формасы

1. **Ятрогенді аурулар** жатқызылады. Олар дәрігердің байқамай сөйлеуіне, дөрекі іс –қимылы салдарынан дамиды. Нәтижесінде науқастың психикасына зиян келіп, жаңадан айырсыну сезімдері мен көріністері пайда болып, жекеше ауру формасына да өтуі мүмкін. Ятрогенді аурулардың көбі дәрігердің білімсіздігіне емес, оның зерексіздігіне, мәдениетсіздігіне байланысты болады.
 - Екі түрде дамиды: науқастың органикалық ауру ағымының ауырлауы немесе психогенді, функциональді невротикалық реакциялардың пайда болуы .

Дәрігерлік қателіктің себебі

- Біріншісі - дәрігердің құзырлы еместігі, емделушіге енжар қатынас, бұл ең ауыр жағдайлар. Кейбір кезде ең сирек кездесетін аурудың пайда болуы дәрігердің біліктілігінің төмен болуына тікелей байланысты.
- Емделуші де өз денсаулығына жауапты болуы абзал. Яғни адамның өз денсаулығына салғырт қарауы да, дәрігерлік қателікке әкеліп соқтыруы әбден мүмкін. Мысалға келтірсек, емделушілердің аурудың нақты белгілерін жасыру, немесе өз-өзін емдеумен айналысу.
- Соған қоса тағы бір негізгі мәселе бар. «Дәрігер-емделуші» қатынастарында құқықтық сауаттылықтың орны ерекше. Егер емделуші өз құқықтарын жеткілікті білсе, ол өз денсаулығына қатысты барлық тиісті қызметті талап етуші еді. Мүмкін осындай жағдайда көптеген қайғылы қателіктер болмас еді».

Төменде көрсетілген тізімдер бойынша ҚР ҚК-нің медицина қызметкерлерінің осы кәсіпқой қылмыскерліктері үшін қылмыстық жауапқа тартылады:

- байқаусыздық бойынша өлтіріп алу;
- дәрігерлік және фармацевтикалық қызметкерлердің кәсіби міндеттерінің лайықсыз орындауы;
- клиникалық зерттеулердің жаңа әдістер мен профилактика бойынша диагностика, емдеу және медициналық оңалтуды өткізіуіндегі қолдану ретін бұзу;
- ауру адамға көмек көрсетпеу;
- қауіпті жағдайда қалдыру;
- психиатриялық стационарға заңсыз жатқызу;
- адамдармен сауда;



- баланы ауыстырып жіберуі;
- бала асырап (қыз бала асырап алу) алудың жасырын сырдың ашылуы;
- дәрігерлік жасырын сырдың ашылуы;
- заңсыз сыйлық алу;
- есірткі заттардың заңсыз жасау, өңдеу, алу, сақтау, тасымалдау немесе өткізуі;
- заңсыз дәрігерлік немесе фармацевтикалық қызмет,
- рецепттердің заңсыз беруінемесе басқа құжаттардың жалғаны

Қорытынды

- Дәрігерлік қателіктер объективті және субъективті жағдайларға байланысты дамиды. Көптеген аурулардың диагностикасындағы объективті қиыншылықтар ауру ағымының бүркемелі өтуіне, атипиялық ағымына, басқа аурулармен қатар дамуына, кей жағдайда аурулар мен жарақаттар диагностикасы науқастың алкогольді мастық жағдайына да байланысты болады. Тәжірибе жүзінде көптеген қателіктер дәрігердің білімінің таяздығына және тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты екені анықталады. Бірақ дәрігерлік қателіктер жұмыс стажы жоғары, тәжірибесі мол дәрігерлерде де болып жатады. Сондықтан дәрігерлік қателіктер тек жас мамандардың үлесі деп білуге болмайды. Сирегірек қателіктер зерттеу әдістерін толық меңгермегендіктен, қажетті аппаратураның жеткіліксіздігіне байланысты және орындауының техникалық қиыншылықтарына байланысты кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

- <http://densaulyk.zhambyl.kz/?action=contents&page=46&lan=kaz>
- <http://mapyourinfo.com>
- <http://med-kz.ucoz.com>

**Назарларыңызға
рахмет!!!**